



БҰЙРЫҚ

30.05.2024

ПРИКАЗ

№ 1010/1 - 1-03

**Жазғы сауықтыру кезіндегі балалардың
қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 тамыздағы №348 бұйрығына және жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында **БҰЙЫРАМЫН:**

«Баянауыл ауылының сәбилер бақшасы» КМҚК –ның қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін маусым мен 31 тамыз аралығында жазғы сауықтыру кезеңінде тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылсын.

Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың ойнайтын алаңдарын қалыпқа келтіру, тазарту, өңдеу балаларға қауіп төндірмейтін орта құру жұмыстарын жүргізу.

Санитарлық нормаларға сәйкес жазғы уақытқа арналған ас мәзірі дайындалып тамақтануды ұйымдастыру бақылансын. Балабақшадағы қауіпсіздік ержесі және серуен кезіндегі, учаскеде арготехникалық жұмыстарды орындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау нұсқаулығы жүргізілсін.

«Баянауыл ауылының сәбилер
бақшасы» КМҚК басшысы



С. Абжанова



**Баймаубұл ауылының сәбилер бақшасының 2023-2024 оқу жылғы
жазғы сауықтыру кезеңіне арналған агротехникалық жоспары**

№	Іс-шаралар аты	Мерзімі	Жауаптылар
1	- Тәрбиеленушінің денсаулығын және өмір қауіпсіздігі. - Жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі - Өрт қауіпсіздігі туралы нұсқаулықтарды өткізу	28-Мамыр	Басшы
2	Жазғы уақытқа арналған ас мәзірін дәрумендендіру	Жаз бойы	Басшы, медбике
3	Алаңда орналасқан балалардың іс-шара өтетін сахнанаға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу	29-Мамыр	Басшы шаруашылық меңгеруші
4	Көшеттерді үлескілерге орналастыру	30 –мамыр 03-маусым	тәрбиешілер
5	Беседкаларды әрлеу, сәндеу, өңдеу	04-06.06	Кіші қызметкерлер
6	Балалардың әр топтағы күн, жаңбыр, желден қорғайтын беседкаларға арналған байқау өткізу	05.06-07.06.24	Әдіскер, тәрбиешілер
7	Ағаштармен бұталардың түбін қопсытып өңдеу және бұтақтарды кесу	05.06.24 10.06.24	Кіші қызметкерлер
8	Гүлзарларға гүлдерді отырғызу, олардың түрін көбейту	03.06.24	Кіші қызметкерлер
9	Балалармен табиғатты зерттеу жұмыстарын жүргізу	Жаз бойы	Әдіскер, тәрбиешілер
10	Әлеумет желісіне, сайдқа жазғы іс-шараларды салып отыру және аудандық «Баянтау» газетіне мақала жазу	Жаз бойы	Әдіскер тәрбиешілер

**Балабақшадағы жалпы қауіпсіздік ережесі және серуен
кезіндегі қауіпсіздік техникасы,
балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау
Н Ұ С Қ А У Л Ы Ғ Ы**

1. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары

- 1.1. Педагог жарақат алу, қан кету, улану, буыны шығу, сыну, электр тогының соғуы, күн өту, термикалық күйеу кезіндегі алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету нұсқаулығын білуі және медициналық қызметкер келгенге дейін алғашқы көмек көрсете алуы қажет.
- 1.2. Топтағы тәрбиешіні уақытша алмастыратын барлық қызметкерлер балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жекелей жауап береді, оларды құтқару бойынша қызметті өз міндетіне алады.
- 1.3. Ата-аналар немесе оларды алмастырушы тұлғалар таңертең баланы тәрбиешіге немесе сол күні тәрбиешіні алмастырушы қызметкерге тікелей тапсыруы қажет. Ата-аналардың тәрбиешіге ескертпей баланы балабақшадан алуына, сондай-ақ 16 жастан аспаған балаларға, жасөспірімдерге баланы балабақшадан алуды тапсыруға болмайды. Ата-аналар баланы балабақшадан алуды тапсыратын барлық тұлғаларды тәрбиеші білуі қажет, оларды тәрбиешіге алдын-ала таныстыруы керек.
- 1.4. Балабақша аймағына бөтен адамдарды кіргізуге тыйым салынады.
- 1.5. Мақсатты нұсқаулықсыз және әкімшіліктің рұқсатынсыз балабақша аймағынан тыс жерлерге экскурсия мен серуенге шығуға тыйым салынады.
- 1.6. Педагог қауіпсіздік техникасын, өрт қауіпсіздігін, жол жүру, көшеде, ойын алаңдарында және т.с.с. жүріп-тұру, өзін ұстау ережелерін білуі және балаларға оқып үйретуі қажет.

2. Серуенді ұйымдастыру талаптары

- 2.1. Серуен өткізу барысында белгіленген тәртіпті ұстану қажет.
- 2.2. Серуен күніне 2 рет ұйымдастырылады: күннің бірінші жартысында – түскі асқа дейін, екінші жартысында – күндізгі ұйқыдан кейін немесе балалардың үйге қайтарының алдында.
- 2.3. Ауа температурасы -15°C төмен және желдің соғу жылдамдығы 7 м/с артық болған жағдайда серуен ұзақтығы қысқарады.
- 2.4. 4 жасқа дейінгі балалар ауа температурасы -15°C төмен және желдің соғу жылдамдығы 15 м/с артық болған жағдайда, ал 5 жасар балалар ауа температурасы -20°C төмен және желдің соғу жылдамдығы 15 м/с артық болған жағдайда серуенге шықпайды.
- 2.5. Серуен кезінде балалармен ойындар мен дене жаттығуларын жүргізу қажет, қимылды ойындар жыл мезгілін ескере отырып ұйымдастырылады. Серуен барысында балалардың шаршап қалжырауының алдын алу үшін

әрекет түрлерін қимылдыдан аз қимылдыға алмастырып отыру қажет (серуенді жүргізу жоспарына байланысты)

3. Балабақша аймағын жабдықтау талаптары

3.1. Үлескідегі барлық жабдықтар (кіші ойын нысандары, дене шынықтыру құралдары) ыңғайлы болуы шарт: шығынқы үшкір бұрышы, шегесі, болттары, кедір-бұдырлары жоқ болуы.

3.2. Баспалдақты сырғанақ бекем орнатылған және тақтайшалары, таянышы (перила) мықты, балалардың жас ерекшелігі мен санитарлық талаптарға сай болуы қажет.

3.3. Ойын конструкцияларына баланың бойы денгейінде шеге қағуға, гүлзарлардың айналасына үшкір бұрышын жоғары қаратып кірпіш ернеулер орнатуға тыйым салынады.

3.4. Қаңғыбас иттер кіріп кетпеуі және балалардың өз еркімен кетіп қалмауы үшін балабақша қоршауында тесік болмауы қажет.

3.5. Балабақша қақпалары ысырмамен жабылуы керек. Сондай-ақ топ бөлмелері мен басқа да бөлмелердің есіктері жабық болуы, балалардың қолы жетпейтін биіктікте ілмекпен жабдықталуы қажет.

4. Үлескідегі құралдар мен ойын жабдықтарын қолдану талаптары:

4.1. Барлық еңбек құралдары жарамды болуы қажет.

4.2. 6-7 жасқа дейінгі балаларға 2 кг. аспайтын жүкті, шелектегі, су сепкіштегі 2-2,5 кг. суды тасуға рұқсат етіледі, 10 минуттан артық жұмыс істеуге болмайды.

4.3. Ересектерге арналған құралдарды қолдануға тыйым салынады (күрек, сыпырғыш, т.с.с.)

4.4. Үлескідегі ойын мен дене шынықтыруға арналған құрал-жабдықтар өлшемі санитарлық ережелер мен нормалар талаптарына сәйкес болуы шарт.

4.5. Ойыншықтар гигиеналық, бүлінбеген, жыл мезгілі мен баланың жасына сәйкес қимыл жүктемесін мөлшерлеуге мүмкіндік беретін, ойын әрекеттерінің әр түріне арналған болуы керек (қозғалмалы, құрылыс, үстел үсті, т.с.с.)

5. Балаларды қатерлі және зиянды факторлардың әсерінен қорғау

5.1. Серуенді ұйымдастыру, гүлзардағы еңбек барысында балаларды барлық жыл мезгілдеріне тән төмендегі қатерлі және зиянды факторлардың әсерінен қорғау қажет:

- сырғанақтардан, сатылардан, т.б. ойын конструкцияларынан құлаудан;
- заттардың жерден шығып тұрған ағаш немесе металл тіреулерінен, қимылды ойынға арналған алаңдардағы томаршалардан жарақаттанудан;
- сынық әйнек, құрғақ бұтақтар, ағаш бұталарымен кесіп алу мен шаншудан;
- таяқша, тақтайша мен ағаш ойыншықтардан, т.с.с. тікенек кіруден;
- шұңқыр, ойдым-ойдым жерлерде аяқтарын жарақаттаудан, тәрбиешінің сақтандыруынсыз құрылғылардан секіруден;
- тәрбиеленушінің балабақша аймағынан тыс жерге өз бетімен кетуінен.

5.2. Серуен ұйымдастыру барысында балаларды күз-көктем мезгілдеріне тән төмендегі қатерлі және зиянды факторлардың әсерінен қорғау қажет:

- құмсалғыштағы лас құмды, алып шығатын лас материалдары (ойыншықтарды жуу, құмсалғыштағы құмды қайталап қазу бойынша санитарлық ережелер бұзылған жағдайда) қолдану барысында асқазан-ішек жолы ауруларын жұқтырудан;
- су, тайғақ алаңқайда ойын барысында жарақаттанудан;

- балалардың киімдері мен аяқ киімдерінің су болуынан;
 - бала ағзасының аса тоназып немесе қызып кетуінен.
- 5.3. Серуен ұйымдастыру барысында балаларды қыс мезгіліне тән төмендегі қатерлі және зиянды факторлардың әсерінен қорғау қажет:
- бала ағзасының аса тоназып, үсіп немесе қызып кетуінен;
 - мұз сырғанақтан аяқпен, шанамен сырғанау, көктайгақ кезінде қардан, мұздан тазартылмаған, құм себілмеген тайгақ жолдармен, сыртқы баспалдақпен, алаңқайлармен жүру барысында жарақаттанудан;
 - қардан, мұздан тазартылмаған алаңқайларда ойын кезінде жарақат алуыдан;
 - шатырдан құлайтын қар, сүңгілерден жарақаттанудан;
 - аязды күні темір конструкцияларға ашық дене мүшелерімен (беті, қолы, тілі, ернімен) тиіп кетуден;
 - балалардың киімдері мен аяқ киімдерінің су болуынан;
 - аузына лас әрі суық қар, сүңгілер алу арқылы асқазан-ішек жолы, жедел тыныс алу ауруларын жұқтырудан;
- 5.4. Серуен ұйымдастыру барысында балаларды жаз мезгіліне тән төмендегі қатерлі және зиянды факторлардың әсерінен қорғау қажет:
- жалаң аяқ жүру, шөпте, құмда (тастар, өткір заттар) ойнау барысында аяқтарын жарақаттаудан;
 - құмсалғыштағы лас құмды, алып шығатын лас материалдары (ойыншықтарды жуу, құмсалғыштағы құмды қайталап қазу бойынша санитарлық ережелер бұзылған жағдайда) қолдану барысында асқазан-ішек жолы ауруларын жұқтырудан;
 - күн және ыстық өтуден;
- 5.5. Баланың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықты орындамаған немесе бұзған тәрбиеші тәртіптік жазаға тартылады және онымен жоспардан тыс нұсқамалық жүргізіліп, баланың өмірін, денсаулығын сақтау, еңбегін қорғау бойынша білімі тексеріледі.

6. Серуен алдындағы қауіпсіздік талаптары

6.1. Серуен алдында күнделікті алаңдарды қарап шығып, жарақатқа қауіпті заттардың болуына (қураған ағаштар, сынған бұталар, үстіріктелмеген тақтайлар, шеге, сынған әйнек, жерден шығып тұрған таяқшалар, томарлар, т.с.с.) жол бермеу қажет. Балабақша аймағындағы барлық шұңқырлар көмілген, ал люктер ауыр қақпақтармен жабылған болуы керек. Ойыншықтар мен дене шынықтыру жабдықтарының бекітілу беріктілігі тексеріліп, оларды санитарлық нормаларға сай қалыпқа келтіру қажет.

6.2. Топырақты тазартуды (тастардан, әйнектен, темірден, т.с.с.) тек арнайы құралдардың көмегімен (тырнауыш, сыпырғыш, күрек, қалақша) жүргізу. Жарақаттану мен жұқтырудың алдын алу үшін қоқыстарды ашық қолмен жинауға болмайды.

6.3. Күнделікті таңертең және кешке балабақша алаңдарында жырылу және т.б. қауіп бар бөтен, күдікті заттардың, пакеттер мен сөмкелердің болмауын тексеру. Болған жағдайда бірден әкімшілікке хабарлау немесе полицияға хабарлау қажет.

6.4. Педагогтар міндетті түрде тәрбиеленушілермен сабақ, ойын, еңбек және т.б. іс-әрекет түрлерін жүргізетін жерді жарылу және т.б. қауіпті заттардың бар-жоғына көзбен шолу жасау.

6.5. Күз-көктем мезгіліндегі серуен алдындағы қауіпсіздік талаптары:

- алаңқайларды жаңбырдан соң тұрып қалған судан тазарту;

- ағаштар мен бұталарды уактылы кесіп отыру, сынған бұтактарды болдырмау;
 - алаңдарды күнделікті таңертең сыпырып, кокыс пен баска да қауіпті заттардан тазарту;
 - көктемде бұталарды көркемдеп кесу, ағаштардың аласа және кепкен бұтактарын кесу.
- 6.6. Қыс мезгіліндегі серуен алдындағы қауіпсіздік талаптары:
- үлеске шатырын қардан, сүнгілерден тазарту
 - жолдарды, алаңқайларды, сыртқы баспалдактарды, кіре берістерді қардан, мұздан тазарту, құм себу.
- 6.7. Жаз мезгіліндегі серуен алдындағы қауіпсіздік талаптары:
- апта сайын уактылы алаңдарды тазарту жұмыстарын жүргізу (кажетті құрал-жабдықтар мен қолғаптың болуы шарт);
 - күнделікті таңертең және күннің екінші жартысында серуен алаңдарына су сеуіп, тазалық жұмыстарын жүргізу.
- 6.8. Әр тәрбиеші, сондай-ақ негізгі тәрбиешіні алмастырушы педагог балабақша маңайында өсетін улы шөптерді білуі, суреттер, иллюстрациялар арқылы балаларды оларды тануға үйретуі, улану қаупін түсіндіруі қажет.
- 6.9. Ауа райы жағдайына, ауа температурасына байланысты серуенге шығу мүмкіндігін медбикемен келісу.
- 6.10. Балалар киімі мен аяқ киімдерінің ауа райына сәйкестігін қарау.
- 6.11. Тәрбиеші балаларға серуенге шығу мен балабақша ғимаратына кіру кезіндегі қауіпсіздік ережелерін ескертіп отыру қажет: жүгірмеу, итермеу, 2-ші қабатқа сүйеніштерден ұстап тұсу, шығу, т.с.с.
- 6.12. Ата-аналары алдын ала әкелген қолайсыз күн райына қосымша киім-кешектері болуы қажет.
- 6.13. Педагог жаздың ыстық күндерінде тәрбиеленушілердің ашық түсті бас киімдерінің бар болуын қадағалауға міндетті.
- 6.14. Педагог еңбек әрекетіне арналған құралдарды жарақат қауіпсіздігіне тексеруі қажет.

7. Серуен кезіндегі қауіпсіздік талаптары

- 7.1. Бір алаңда 2 топтың серуен, еңбек әрекетін ұйымдастыруына жол берілмейді.
- 7.2. Тәрбиеші балалардың ғимарат пен шыға берістен асықпай шығуын бақылайды, қадағалайды.
- 7.3. Серуен, экскурсия, еңбек әрекеті кезінде балаларды тәрбиешінің қарауынсыз қалдыруға болмайды.
- 7.4. Тәрбиеші құралмен жұмыс істеу ережесін анық және сауатты түсіндіріп, көрсете алуы қажет. Әр бала қажетті дағдыларды меңгергеннен кейін ұжымдық жұмысқа біріктіруге болады (балалардың ара қашықтығы 1 метрден кем емес)
- 7.5. Еңбек үрдісінің ұзақтығын анық мөлшерлеп алған жөн, әсіресе бірсарынды жұмыс орындау кезінде (қопсыту, қар тазалау, жапырақ жинау, т.с.с.). Еңбек әрекетіне бөлінген уақыт 30 минуттан аспауы, 7-10 минут сайын үзіліс жасап немесе әрекет түрін алмастыру қажет.
- 7.6. Айтарлықтай күш жұмсауды қажет ететін еңбек түрін ұйымдастырғанда (жер қашау, құм тасу, гүлзарларды суару, қар тазалау, т.с.с.) балалардың шаршап, қажымауын қадағалау қажет. Дем алысы жиілеп, терлеп, терісі қызарса тәрбиеші баланы анағұрлым жеңілрек әрекетке алмастыруы керек.

7.7. Серуен кезінде баланың психологиялық саулығы мен толыққанды тәрбие алуына септігін тигізетін қызықты да пайдалы әрекет түрі ұйымдастырылуы қажет.

7.8. Ересектердің еңбегімен таныстыруға арналған экскурсия алдын-ала дайындалады. Бағдар белгіленіп, тәрбиеші жоспарланған нысанға барып, механизмдер мен техниканың жұмысын бақылау барысында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, экскурсия кезіндегі өзін-өзі ұстау ережелері жөнінде әңгіме жүргізеді. Балаларды екіден кем емес ересек адам ертіп жүруі қажет.

7.9. Тәрбиеші балалардың жеке бас гигиенасын сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді (аузына, қолына лас заттарды алмау, бір-біріне құм, топырақ шашпау).

7.10. Тікенекті өсімдіктерді қолмен ұстамауын, улану мен ішек ауруларын болдырмау үшін өсімдіктерді, олардың жемістерін ауыздарына салмауын қарау.

7.11. Жарақатты болдырмас үшін ойын құралдарының дұрыс орналасуына, ойынның дұрыс ұйымдастырылуына мән беру.

7.12. Сырғанағанда, биіктіктен, спорттық құрылғылардан секіргенде, лактыру ойындарында тәрбиеші тікелей бақылап әрі сақтандыру қажет.

7.13. Еңбек ету барысында дене тұрысының дұрыстығын бақылау, құралдарды басқаларға сілтемей зейін салып еңбектенуге тәрбиелеу. Тәрбиеші барлық құралдарды (күрек, тырма, т.с.с.) санап беріп, санап жинап алады.

7.14. Балалардың қоршауға, ағаштарға өрмелеп шығуына тыйым салынады.

7.15. Шикі су, жуылмаған жеміс-жидек, көкөністер беруге болмайды.

7.16. Балабақша аумағында қоқыстарды, түскен жапырақтарды, т.с.с. жағуға болмайды.

7.17. Күз-көктем мезгілінде серуен кезіндегі қосымша қауіпсіздік талаптары:

- өзі сырғанайтын құралдармен (ролик, самокат) сырғанау кезінде тәрбиеші бақылап әрі тікелей сақтандыру қажет;

- балалардың киімдері мен аяқ киімдерінің су болумауын қарау;

- жел күшейе түссе балаларды топқа енгізу.

7.18. Қыс мезгілінде серуен кезіндегі қосымша қауіпсіздік талаптары:

- мұз жолдармен, шанамен сырғанау кезінде тәрбиеші бақылап әрі тікелей сақтандыру қажет;

- шанамен сырғанау кезінде келесі бала оның толық сырғанап болып, жолдан кетуін күтуін бақылау;

- сырғанау барысында теріс отырып сырғанамауларын қадағалау;

- ауыздарына қар, мұз салмауын қадағалау;

- аяз бен жел күшейе түссе балаларды топқа енгізу.

7.19. Жаз мезгілінде серуен кезіндегі қосымша қауіпсіздік талаптары:

- сауықтыру мақсатында жас ерекшеліктері мен күн кестесіне сәйкес таза ауада көбірек болуын ескеру;

- өзі сырғанайтын құралдармен (ролик, самокат) сырғанау кезінде тәрбиеші бақылап әрі тікелей сақтандыру қажет;

- күн ваннасын қабылдау медбикенің бақылауымен жүргізіледі. Балалардың күн астында, көлеңкеде болуын алмастырып отыру қажет;

- тәрбиеші немесе тәрбиеші көмекшісі алаңқай қауіпсіздігін тексергеннен кейін ғана шөпте, асфальтта, үлескідегі құмда жалаң аяқ жүруіне рұқсат етеді.

- күмсалғыштағы күммен ойнауға күнделікті қосытып, қайнаған сумен залалсыздандырғаннан кейін рұқсат етіледі.
- желді, суық күндері сумен ойнауға тыйым салынады.
- су ішу кестесін сақтау, серуенге қайнаған су алып шығу (тәрбиеші көмекшісінің міндеті) қажет.
- өмір қауіпсіздігі, жол жүру мен өрт қауіпсіздігі, балалар жаракатынын алдын алу ережелері бойынша жұмысты күшейту;
- ойынға қажетті құралдарды алып шығу;
- улы өсімдіктерді, жидектерді жұлмауын, жемеуін, аллергиялық бағыттағы өсімдіктермен қатынасқа түспеуін қадағалау.

8. Топтағы жаздайлар кезіндегі қауіпсіздік талаптары

8.1. Топтағы тәрбиешіні алмастырушы барлық қызметкерлер балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау қызметін өз мойнына алады.

8.2. Кездейсоқ жағдай кезінде тәрбиеші:

- балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі;
- жағдайдың қауіпсіздігіне көз жеткізуі;
- балабақша әкімшілігіне хабарлауы;
- оқыс жағдай кезінде алғашқы көмек көрсетуі;
- қажет болған жағдайда құтқару қызметіне хабарласуы тиіс.

8.3. Оқыс жағдай кезінде тәрбиеші:

- тәрбиеленушілерге алғашқы көмек көрсетуі, бала өмірі мен денсаулығына қауіп төндіріп тұрған факторларды болдырмау (электр тогынан ажырату, зақым келтіретін затты алып тастау, т.с.с.);
- медициналық қызметкер келгенге дейін зардап шеккен баланың негізгі өмірлік қызметтерін сақтау;
- болған жағдайды дереу директорға, медбикеге, ата-анасына (заңды өкілдеріне) хабарлау, қажет болған жағдайда жедел жәрдем шақырып жақын орналасқан есханаға жеткізу;

8.4. Бала өз бетімен балабақшадан кетіп қалған жағдайда дереу балабақша әкімшілігіне, ата-анасына (заңды өкілдеріне), жақын маңдағы полиция бөлімшесіне хабарлау қажет. Баланы іздеу жұмыстарын ұйымдастыру, жеке белгілерін атау: сыртқы келбеті, жасы, киімі, т.с.с.

9. Серуен соңындағы қауіпсіздік талаптары

9.1. Балабақша ғимаратына асықпай кіруін ұйымдастыру (бірінші топта 10-15 бала тәрбиеші көмекшісінің бақылауымен кіріп, шешінеді, ал, екінші топта тәрбиешінің бақылауымен).

9.2. Балалардың сырт киімдерін, аяқ киімдерін қардан, батпақтан, құмнан тазарту.

9.3. Балалардың шкафқа киімдерін қалай қойғандарын тексеру, қажет болған жағдайда құрғақ киімдерді киіндіру.

9.4. Гигиеналық шараларды орындауын ұйымдастыру: дәретханаға бару, қолды сабындап жуу (жаз кезінде аяқтарын жуу, душ қабылдау).

9.5. Қыс мезгілінде, сондай-ақ жаңбырлы күндері су киім-кешектерінің кебуін қамтамасыз ету.

9.6. Серуенге алып шыққан еңбек құралдарын, ойыншықтарды тазалау, белгіленген орынға жинастыру.

Нұсқаулықпен таныстық:

Хамитова Амарал	Тәрбиеші	<i>Амарал</i>
Мажитова Амарал	Тәрбиеші	<i>Амарал</i>
Багаева Сандуғаш	Тәрбиеші	<i>Сандуғаш</i>
Жармаанбетова Айгул	Тәрбиеші	<i>Айгул</i>
Оразғалиева Динара	Тәрбиеші	<i>Динара</i>
Мурат Булбул	Тәрбиеші	<i>Мурат</i>
Магипратова Саркыт	Тәрбиеші	<i>Саркыт</i>
Фаменова Асель	Тәрбиеші	<i>Асель</i>
Мухаметжан Ақпе	Тәрбиеші	<i>Мухаметжан</i>
Муканова Тәжан	Тәрбиеші	<i>Тәжан</i>
Баймуканова Жанерке	Тәрбиеші	<i>Жанерке</i>
Жаминова Разия	Тәрбиеші	<i>Разия</i>
Ақылбаева Алия	Тәрбиеші	<i>Алия</i>
Камашева Арайлым	Тәрбиеші	<i>Арайлым</i>
Бейсекеева Дилнора	Тәрбиеші	<i>Дилнора</i>
Шайхина Айнур	Тәрбиеші	<i>Айнур</i>
Нәымова Гулмадина	Тәрбиеші	<i>Гулмадина</i>
Жулеуова Айгерим	Тәрбиеші	<i>Айгерим</i>
Канафина Айнур	Тәрбиеші	<i>Айнур</i>
Жакупова Айнур	Тәрбиеші	<i>Айнур</i>
Шайхина Анар	Тәрбиеші	<i>Анар</i>
Макарова Мадина	Тәрбиеші	<i>Мадина</i>
Ибадильдинова Айдана	Тәрбиеші	<i>Айдана</i>
Аутаева Назгул	Тәрбиеші	<i>Назгул</i>
	Психолог	<i>Шарип</i>
	Логопед	<i>Шарип</i>
	Музыка жетекшісі	<i>Шарип</i>
	Музыка жетекшісі	<i>Арул</i>

Балабақшадағы қауіпсіздік ережелері

Балаларды қорғау үшін балалар бақшасындағы балалардың қауіпсіздігі үшін жауапты негізгі ережелер әзірленеді. Мұнда әрбір бала үшін тәрбиеші жауапты.

Тәрбиеші жұмыс істеудің негізгі ережелерін біліп, оларды мінсіз сақтай білуі керек. Ол баланың қауіпсіздігі оның іс - әрекеттеріне байланысты екенін түсінуі керек.

Балабақшада тәрбиеші балаларды қараусыз қалдыруға құқылы емес.

Балаларды сабақтардың қауіпсіз өткізілуін қамтамасыз етуге, қажет болған жағдайда оқу процесінің жақсы жағдайына қол жеткізу үшін сабақ кестесіне өзгерістер енгізуге міндетті.

Баланың өмірге бейімделуіне үлкен мән беріледі, тәрбиеші балабақшадағы қауіпсіздік бұрышын ойнайды. Оның міндеті - адамдардың мінез - құлқын көрсету.

Бұрыштар әртүрлі. Кейбіреулер қиялын, шығармашылық қабілетін дамытуға, басқаларға - жол ережелерін үйренуге, түстер мен геометриялық фигураларды еске алуға бағытталған. Ойынның осындай түрлерінің арқасында балалар тез дамып, жан - жақты қарым - қатынаста болады.

Тәрбиеші сабақ жүргізуге міндетті, онда бала жол қозғалысы қауіпсіздігін зерттейді. Балабақшада балалардың күнделікті өмірде, кез болатын өрт, жер сілкінісі және басқа да табиғи апаттар жағдайында қарапайым қауіпсіздік ережелерін үйрету қажет.

Ол әр баланы қадағалап, әрбір адаммен танысып, оның тұрған жерін бақылап отыруы керек. Баланы көшеде, тіпті балалар үнемі ойнайтын ойын алаңында қалдыруға қатаң тыйым салынады.

Өрт болған жағдайда не істеу керек?

От алау кезінде балабақшалар мен балалардың қауіпсіздігі үй - жайда өрт қауіпсіздігі ережелерінің бар - жоғына тәуелді болады. Ең алдымен, эвакуацияның кіріс және шығыс материалдарын тексеру қажет. Олар қажет емес заттарды немесе аппаратурамен қоршалмауы керек. Есіктерді ішкі жағынан кішкене, онай ашылатын болтпен жабу маңызды. Есікке көзқарас дұрыс болуы керек.

Балаларды эвакуациялау балабақшаның жақын ғимаратында жүргізіледі. Ең бастысы - балаларды балабақшаның жоғарғы қабаттарынан алу. Біріншісі ең кішкентай эвакуация.

Балалар дымқыл сүлгімен немесе көрпемен жабылуы керек.

Егер бөлме де өрт енсе, терезелерді ашу мүмкін емес, өйткені от пайда болуы мүмкін.

Жанып тұрған бөлмеден жылдам шығу үшін барлық жерде төрт бұрышында тұрып, шығыңқы жерге барып, мұрын мен ауызды дымқыл шүберекпен жабыңыз.

Мақталы марлыдағы байлағышы болу керек. Әр топта тәрбиешілердің қолдарында балалардың тізімі болу керек.

Дайындаған:

Әдіскер Муталяпова Б.С

Төтенше жағдайлар кезінде балабақшадағы қауіпсіздік ережелері

Төтенше жағдай кезінде сіз дүрбелең алмайсыз. Әрбір тәрбиеші немесе басқа жағдайда іс - әрекеттер туралы нақты нұсқауларға ие. Бұл апат, өрт, табиғи апат болуы мүмкін. Әрқайсысының бастапқы міндеті - өз топтарының балаларын құтқару, содан кейін АГҚО - ның бастық немесе басшы орынбасарының қорытындылары туралы есеп беру. Барлық нұсқауларды нақты орындау өте маңызды. Әрбір тәрбиеші баланың өмірі мен денсаулығы үшін үлкен жауапкершілікті сезінуі керек.

Балабақша алаңына серуендеу

Экскурсияға кету кезінде тәрбиеші көшелерден автокөліктердің жанданған қозғалысына жол бермеуі керек.

Жол ережесін қатаң сақтау керек. Әрбір тәрбиеші жолдағы балалар жаракатын болдырмау үшін сабақ жүргізуі керек.

Олар әңгімелер, сызбалар, тренингтер, ойын - сауық ойыны, театрландырылған қойылымдар, автокөліктер мен басқа да көптеген ойындар арқылы ойын түрінде өткізгені дұрыс.

Балабақшадағы және оның аумағынан тыс жерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету балалардың көшедегі мінез - құлық ережелері туралы тақырыптарды зерттеуді қамтиды. Жол - көлік оқиғасының себептері туралы, көшелерді көшіру кезіндегі мінез - құлық ережелері (жаяу жүргіншілердің міндеттері), көліктегі көлік қозғалысы туралы тақырыптар ұсынылады. .

Жаяу серуендеуде баланың беймәлім жидектерді немесе саңырау құлақтарды (жазда) жейтінін қамтамасыз ету маңызды.

Балабақшаға медициналық көмек кезінде медбике үнемі жұмыс орнында болу керек.

Суықтың алдын алу үшін кейбір желдету режимдерін бақылау өте маңызды, бірақ жобалардан аулақ болу. Бөлмеде балалар үйірмеде болған кезде ауысады.

Ойын мен жатын бөлмелері жеткілікті жеңіл болуы керек, ауа температурасы және ылғалдылық рұқсат етілген стандарттардан аспауы керек. Медбике мен балабақшаның бастығы асудің және балабақшаның санитарлық жағдайын бақылауға міндетті.

Сатып алынған өнімдерді жарамдылық мерзіміне тексеру керек, яғни ең алдымен балабақшадағы балалар қауіпсіздігіне қызығушылық таныту. Медбике өнімдердің калориялы мазмұнын есептеп, түрлі жастағы балалар үшін әрбір күн үшін мәзір жасай алады.

Кейде балаға шұғыл медициналық көмек қажет болған жағдайлар болуы мүмкін. Бұл жағдайда жедел жәрдемге келгенге дейінгі медициналық көмек медициналық қызметкер, ал егер ол жоқ болса - тәрбиеші.

Жұмыс күнінің соңында балалармен жұмыс істеу нұсқаулары, егер бөлмеден шыққаннан кейін ешкім қалмаса, топты тексеруге қамқоршы жауапты. Барлық электр аспаптарын өшіріп, бөлмені желдетіп, барлық терезелер мен терезелерді жабу керек.

Тәрбиешінің көмекшісі балаларға қарап күтіп бағып тәрбиешіге көмектесу міндетті.

Топтағы сақтық шаралары

Тәрбие жұмысына қатысы жоқ топқа және оның жұмыс орнына жатпайтын адамдарға қатыстылығына қатаң тыйым салынады.

Тәрбиешінің орны, оның үстелі әрдайым тәртіппен сақталуы керек. Көрінбеген өткір заттарды (инелер, қайшылар, қылшықтарды, шпилькалар, қағазға арналған пышақтар және т. б.) ұстамаңыз. Жұмыста қайшыны борсық ұштармен ғана пайдалану керек. Сондай - ақ, киімдеріңізді түйреуіштер мен инелермен байланыстыруға қатаң тыйым салынады. Қалтада күрт және ұрып - соғатын заттар болмағанына назар аудару қажет